

Тақырыбы №1: Тұрғындарға фармацевтикалық көмекті ұйымдастырудың негізгі қағидалары




Мақсаты:

- ◆ студенттерге ҚР тұрғындарына фармацевтикалық көмек көрсетудің негізгі қағидалары туралы түсінік беру.

Халықтың денсаулығын сақтау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптерін негізге ала отырып, Республика тұрғындарына дәрі-дәрмектік көмекті көрсетудің принциптеріне келесілерді жатқызуға болады:

- ◆ тұрғындарға көрсетілетін дәрі-дәрмектік түрлі меншіктегі дәріханалық ұйымдар арқылы ұйымдастырып, мемлекет тарапынан реттеу;
- ◆ дәрі-дәрмектік көмектің көрсетілу деңгейін қалалық және ауылдық тұрғындарға бірдей мөлшерде жүргізе отырып, оларға мейлінше жақындату;

- ◆ дәрі-дәрмектік көмекті қамтамасыз етуді фармацевтикалық ғылым мен тәжірибелердің бірлігі негізінде ұйымдастырып жүргізу;
- ◆ фармацевтикалық қызметтің сапасын мемлекет тарапынан қамтамасыз ету;
- ◆ тұрғындарға дәрі-дәрмектік көмек көрсетудегі мемлекеттік саясатты дәрілік заттарды, медицина бұйымдарын, медициналық техникаларды тұтынудың қысқа және мерзімді жобалануы негізінде жүргізу.



- ◆ Республика тұрғындарын дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясаттың құрамды бөлігі болып саналады. Фармацевтикалық саланың дамуы еліміз үшін әлеуметтік, экономикалық және стратегиялық жағынан маңызды болып табылады.

Елімізде экономикалық қайта құрылу жылдары фармацевтикалық салада үлкен өзгерістер болды. Тұрғындарды дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етудің Кеңестер дәуірінде қалыптасқан жүйесінің орнына фармацевтикалық нарықтық жүйе қалыптасты. Нәтижесінде ірі фармацевтикалық компаниялар, фирмалар және дәріханалық ұйымдар пайда болды. Отандық фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіп қарқынды дамуын бастады.

**Қазақстан Республикасының дәрі-
дәрмектік саясаттың мақсаты –
тұрғындарды қауіпсіз, тиімді және
сапалы дәрілік заттармен медицина
бұйымдарымен және медициналық
техникалармен үзіліссіз, уақытында,
жоғары сапалы деңгейде қамтамасыз
ету болып табылады.**

- ◆ Қазақстан Республикасындағы дәрі-дәрмектік саясаттың негізгі мендеттеріне келесілер жатады:
- ◆ тұрғындардың қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрілік заттарды тұтынуларына жағдай жасау;
- ◆ дәрілік заттар айналысы саласында, оның ішінде дәрілік заттар өндірісіне, дәріханалық ұйымдардан босатылып – өткізілуіне және тиімді пайдаланылуына мемлекет тарапынан жүйелі түрде реттеу, бақылау-қадағалау жұмыстарын күшейту;
- ◆ фармацевтикалық ғылымдарды дамыту, нәтижесінде қол жеткізілген жетістіктерді практикалық тұрғыда қолдануды жүзеге асыру;

- ◆ шет елдік дәрілік заттарға тәуелділікті азайту, отандық ғылымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізінде дәрілік заттар өндірісін дамытудың басымдылығын қамтамасыз ету;
- ◆ елімізде стратегиялық маңызы бар дәрілік заттар өндірісін дамыту;
- ◆ отандық жаңа дәрілік заттарды, бірінші кезекте қауіпті және әлеуметтік маңызды ауру түрлерін емдеуде қолданылатын дәрілерді өндіруге қолайлы жағдайларды жасау;
- ◆ дәрілік заттардың сапасын және дәріханалық ұйым, кәсіпорындар жұмыстарын халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестендіру шараларын жүргізу;

- ◆ Қазақстан Республикасында дәрілік заттар айналысы саласын реттейтін құқықтық-нормативтік базаны нағайту;
- ◆ халықаралық тәжірибелерді ескере отырып, дәрілік заттар айналысы саласында басқару, ақпараттық және бақылау, қадағалау жүйелерін жақсарту;
- ◆ халықаралық ынтымақтастық байланыстарды дамытудың негізінде әлемдік фармацевтикалық нарыққа енуді және фармацевтикалық мамандардың кәсіби білім деңгейлерін жоғарылату.

- ◆ Тұрғындарға дәрі-дәрмектік көмек көрсету – денсаулық сақтау саласының ажырамас құрамды бөлігі болып саналады. Дәрі-дәрмектік көмек халықаралық денсаулықтарын нығайтуға, азаматтардың жұмыс істеу қабілеттіліктерін жоғарылатуға және өмір сүру ұзақтығын қамтамасыз етуге ықпалды түрде әсер етеді.
- ◆ Фармацевтикалық мамандардың кәсіби деңгейлерін жоғарылату, фармацевтикалық жүйені дамыту, тұрғындарды және емдеу профилактикалық мекемелерді қажетті дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету мемлекет тарапынан бақыланады.

- ◆ Фармация саласының дамуын жоспарлауда, оның ішінде дәрі-дәрметтердің керекті мөлшерін анықтауда алыс және жақын шет елдерде жинақталған озық әдіс-тәсілдер, дәрілік заттарды өндірудегі жаңа технологиялар мен ғылыми жетістіктер бірге қолданылады.
- ◆ Қазақстан Республикасында отандық фармацевтикалық өнеркәсіп саласын дамытуда дәрі-дәрмектердің өндірілуі және медицина саласында қолданылуы өкілетті органдармен бекітілген арнайы нұсқаулар арқылы анықталады. Жаңа дәрілік заттарды шығару үшін Денсаулық сақтау министрлігінің рұқсаты керек. Аталған рұқсат кең деңгейде жүргізілген клиникаға дейінгі, клиникалық және эксперименталды-фармацевтикалық талдау-зерттеу, фармакопоялық тексеру жұмыстарының нәтижесінде жоғарғы дәрежедегі емдік әсері бар дәрілік заттарға беріледі.

- ◆ Жаңадан шығарылған дәрілік заттардың медицина саласында емдеу- профилактикалық бағытта қолдануға болатындығын анықтау екі негізгі талапқа сәйкес жүргізіледі:
- ◆ 1) Клиникалық, токсикологиялық және фармакологиялық зерттеулер нәтижелерінде анықталған дәрілік заттың жоғарғы дәрежедегі терапевтік әсері.
- ◆ 2) Дәрілік заттың құрамы, дәрілік түрі және тазалығы туралы зерттеулер нәтижелерінің жаңа дәрілік заттардың сапасына қойылатын фармакопеялық талаптарға сәйкес келуі.

- ◆ Дәрілік заттың өндіру, тұтыну және сақтау сатыларында мемлекеттік фармакопеяның (МФ), басқа да нормативтік-техникалық құжаттардың талаптары сақталып, тұрғындарға көрсетілетін дәрі-дәрмектік көмектің сапасына кепілдеме беріледі.
- ◆ Денсаулық сақтау ісін дамытуды одан әрі жақсарту медициналық және фармацевтикалық мамандардың кәсіптік білім деңгейлеріне байланысты. Сондықтан орта және жоғарғы фармацевтикалық кәсіптік білім беру орындарында оқу процесін теориялық білімді тәжірибемен ұштастыру, мамандық алғаннан кейін кәсіптік білім деңгейін жоғарлатуды жақсарту, мамандарды аттестациялау жұмыстарын жетілдіру қарастырылуда.

- ◆ Қазақстан Республикасында нарықтық экономика талаптарына сәйкес денсаулық сақтау ұйымдарының материалдық-техникалық базалары нығайтылып, дәрі-дәрмектермен камтамасыз етілуі жақсаруда. Әсіресе ауыл тұрғындарына көрсеттетін медициналық және дәрі-дәрмектік көмектердің сапасын жақсарту міндеттері қойылуда.
- ◆ Фармацевтикалық қызмет – дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы өндіру, дайындау, көтерме және бөлшек саудада өткізу бойынша денсаулық сақтау саласында жүзеге асырылатын қызмет.

- ◆ Тұрғындарға кепілді мөлшерде көрсетілетін ақысыз, жеңілдетілген дәрі-дәрмектік көмекті ұлғайту көзделуде.
- ◆ Елімізде дәрілік заттар өндіретін фармацевтикалық кәсіпорындар саны өсіп, дәрі-дәрмектер туралы анықтама-ақпарат және жарнама жұмыстарының жүргізілуі жақсаруда.
- ◆ Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау ісі мен фармация саласын дамыту мемлекеттік тұрғыда халықаралық байланыстарды ескеріп, тұрғындарды қауіпсіз, тиімді, сапалы медициналық және дәрі-дәрмектік көмекпен қамтамасыз етуді үнемі жақсарту негізінде жүзеге асырылады.

- ◆ Дәріханалар фармацевтикалық қызметтерінің түрлері мен жұмыс көлеміне байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 қаңтардағы № 65 Қаулысымен бекітілген «Дәріханалардың, дәріханалық қоймалардың құрылымын және категорияларын анықтау Ережесіне» сәйкес үш категорияларға бөлінеді:
 - ◆ I категориялы дәріханаларға келесі дәріханалар жатқызылады:
 - ◆ • негізгі (өмірлік маңызды) дәрілік заттардың толық тізіміне кіретін дәрілік заттарды, есірткілік әсері бар және психотроптық заттарды, прекурсорларды қабылдауды, сақтауды және босатуды жүзеге асыратын дәріханалар;

- ◆ медициналық бұйымдарды және көзілдіріктік оптиканы қабылдауды, сақтауды, босатуды жүзеге асыратын дәріханалар;
- ◆ дәріханалық жағдайда дәрілік формаларды, оның ішінде асептикалық және стерилдік дәрілерді жасауды жүзеге асыратын дәріханалар.
- ◆ II категориялы дәріханаларға келесі дәріханалар жатады:
- ◆ негізгі (өмірлік маңызды) дәрілік заттардың толық тізімінің 70%-ан аз емес және есірткілік әсері бар және психотроптық заттарды, прекурсорларды қабылдауды, сақтауды, босатуды жүзеге асыратын дәріханалар;
- ◆ медициналық бұйымдарды және көзілдіріктік оптиканы қабылдауды, сақтауды, босатуды жүзеге асыратын дәріханалар.

I және II категориялы дәріханалар өздерінің фармацевтикалық қызметтерін атқаруда келесі бөлімдерін ұйымдастырады:

I категориялы дәріханаларда:

- ◆ **дәрілік заттардың қоры бөлімі;**
- ◆ **рецептуралық - өндіріс бөлімі;**
- ◆ **дайын дәрілік заттарды босату бөлімі;**
- ◆ **дәрігерлердің рецептінсіз дәрілік заттарды босату бөлімі;**
- ◆ **көзілдіріктік оптика бөлімі;**

II категориялы дәріханаларда:

- ◆ дәрілік заттардың қоры бөлімі;
- ◆ дайын дәрілік заттарды, оның ішінде дәрігердің рецептерінсіз дайын *дәрілік* заттарды босату бөлімі;
- ◆ көзілдіріктік оптика *бөлімі*.

III категориялы дәріханаларға фармацевтикалық қызметті лицензиялауға қойылатын квалификациялық талаптарға сәйкес келетін қалған барлық дәріханалар жатады.

Әдебиет:

Негізгі:

- ◆ Управление и экономика фармации: учебник / под ред. В.Л. Багировой. – М., 2008.
- ◆ Организация и экономика фармации: учебник / под ред. И.В. Косовой. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Академия 2004. – 400 с.

Қосымша:

- Максимкина Е.А. Стандартизация и обеспечение качества лекарственных средств: учебное пособие. – М., 2008.
- Криков В.И. Организация и экономика фармации: учеб. для фармац. ин-тов и фармац. фак. Мед.ин-тов. – М., 1991.
- ◆ Умурзахова Г.Ж. Правила обслуживания потребителей фармацевтических услуг и критерии их оценки. Планирование дополнительной сезонной потребности в фармацевтических кадрах методические рекомендации. – Шымкент: Б. и., 2011.
- ◆ Автоматизированная и адаптированная программа по управлению фармацевтическими товарами. методические рек. / К.Д. Шертаева [и др.]. – Шымкент: ЮКГМА, 2009.
- ◆ Организационные вопросы осуществления фармацевтической деятельности в объектах розничной реализации лекарственных средств: методические рек. / сост. А.Д. Ахимова [и др.]. – Шымкент, 2009.
- ◆ Разработка методических подходов к оптимизации информационного обеспечения специалистов (врачей и фармацевтов) – на основе компьютерных технологий: методич. рек. / К.Д. Шертаева [и др.]. – Шымкент, 2008.
- ◆ Формирование образа фармацевта (провизора) – специалиста, контактирующего с пациентами (больными, посетителями) и отпускающего лекарства: методич. рек. / сост. М.К. Сапакбай. – Шымкент, 2006.
- ◆ Сборник законодательных и нормативно-правовых актов, регулирующих фармацевтическую деятельность в Республике Казахстан / отв. ред. Б.К. Махатов. - Шымкент, 2005.
- ◆ Шертаева К.Д. Методическое пособие по основам предпринимательской деятельности в фармации для студентов фармацевтических факультетов (вузов). 1- часть. – Шымкент, 2001.
- ◆ Шертаева К.Д. Методическое пособие по основам предпринимательской деятельности в фармации для студентов фармацевтических факультетов (вузов). 2- часть. – Шымкент, 2001.
- ◆ Арыстанов Ж.М. Фармацевтическая терминология в условиях рыночной экономики: производственно-практическое изд. - Шымкент, 2001.
- ◆ Кусис Е.П. English for Future Pharmacists Ч.1: учеб. пособие для студентов мед.вузов. – Шымкент, 2008.

Электронные ресурсы

- ◆ 1. Умурзахова Г.Ж. Правила обслуживания потребителей фармацевтических услуг и критерии их оценки. Планирование дополнительной сезонной потребности в фармацевтических кадрах методические рекомендации. – Электрон. Текстовые дан. (410 Мб). – Шымкент: Б. и., 2011. – 32 эл. опт. диск (CD-ROM).
- ◆ 2. Арыстанов Ж.М. Основы управленческой этики в фармации – коммуникативные навыки [Электронный ресурс]. учеб.пособие. / ЮКГФА –Электрон. поисковая прогр. (646 Мб). – Шымкент: Б. и., 2010. – 84 эл. опт. диск (CD-ROM).

Бақылау сұрақтары: (Кері байланыс)

- ◆ ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің құрылымы және негізгі міндеттері?
- ◆ Дәрілік заттар айналысы саласында мемлекеттік бақылаудың жүргізілуі?
- ◆ Фармацевтикалық көмекті көрсету концепциясы? Деп нені түсінеміз?
- ◆ Халықтың денсаулығын сақтау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері?

**Назарларыңызға
рахмет!**

